

«Байғанин ауданының ауылдық елді мекендеріне 2015 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын айқындау туралы» 2015 жылғы 13 наурыздағы № 159 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Нормативтік құқықтық актілері туралы» Заңының 43-1- бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың «Байғанин ауданының ауылдық елді мекендеріне 2015 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын айқындау туралы» 2015 жылғы 13 наурыздағы №159 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 4279 санымен тіркелген, 2015 жылдың 9 сәуірінде аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің атауындағы және мәтініндегі «2015 жылы» сөзі «2015 жылға» сөзімен алмастырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.